



**Автор:** Дынбаева Салтанат Ивановна

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Тағам және сусын

**Тақырып:** Табиғатқа саяқат. Б б дыбысы мен әрпі.

|   |   |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.<br>1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.<br>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.<br>1.3.8.1. Жазу жолын жоларалық кеңістікті, жолдың жоғары және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.  |
| Сабақтың мақсаты:                             | Барлық оқушылар орындай алады: Б әріпін таниды, дыбыс түрлеріне ажыратып, сәйкестендіреді. Сөздерді буындап оқып, үлгі бойынша талапқа сай жазады.<br>Көпшілігі орындай алады:Табиғат туралы суреттер бойынша Б дыбысына қатысты сөз құрайды, сөздерді тұтастай оқиды.<br>Кейбірі орындай алады. Б дыбысы қатысты сөздерді түсініп оқиды, дыбыстық талдау жасай алады.Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады. |
| Тілдік мақсаттар:                             | Б дыбысынан басталатын сөздер айтады.Сөзтіркестері: бақа, балық, бота, бақша,бор.   |
| Бағалау критерийлері:                         | •Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты/дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) анықтайды. Сөз, сөйлем жазады, оқиды   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | презентация, бор жайында видео  |
| Пәнаралық байланыс:                           | дүниетану, жаратылыстану  |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері     | Жоспарланған іс-әрекет   | Ресурстар |
|---------------------|--|-----------|
| Сабақтың басы (5-7) | Сәлемдесу.<br>Қайырлы күн мектебім,<br>Қайырлы күн ұстазым,<br>Үлкенге де сіз, кішіге де сіз,<br>Бәріңізге бас иіп, сәлем бердік біз.<br>шеңберге жиналып жүрекше стикерлерін келесі тұрған оқушыға беру арқылы жақсы тілегін арнайды.<br>Топқа біріктіу Бота , бұзау, балапан суреттері арқылы топқа біріктіремін |           |

| Сабақкезеңдері          | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|-------------------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы<br>(20) | <p>«Жұмбақты шеш!»</p> <p>Тапсырма:</p> <p>1-топ: Бота<br/>Қаймықпайды күшті аңнан,<br/>Қорқады тек тышқаннан.(Піл)</p> <p>2-топ:Бұзау<br/>П дыбысынан басталатын сынып затын ата.</p> <p>3-топ: Балапан суреттерді сәйкестендір тапсырма</p> <p>Жұмбақ:<br/>Алыстағы көлде,<br/>Кеш те, түн де,<br/>Бақ-бақ етіп<br/>Шулайтын ол не? бақа<br/>сергіту сәті<br/>оқулықпен жұмыс</p> <p>Бор неден жасалады</p> <p>Мәтінді оқу<br/>мәтінді бөліп оқу<br/>сұрақ-жауап</p> <p>Барлығы: - Б дыбысы қатысқан сөздерді буындап оқиды.<br/>Бақа, балық, бота, болат, бөрік, бақша, бақбақ,балта,балға,бала,бал....<br/>Көпшілігі: - Б дыбысы қатысқан сөздерден сөйлем құрайды...Дыбыс пен әріпті ажыратады.<br/>Кейбірі: -Мәтінді түсініп оқи алады. Өз ойын әрі қарай жалғастыра алады.<br/>бор жайлы видео көру</p> <p>Дескриптор:<br/>- бордың құрамын анықтайды. - мәтіндегі диалогті сыныптасымен рөлге бөліп оқды.<br/>балық аулау әдісі- буындар мен сөздерді аулап оқу, дәптерге көшіру</p> <p>Дескриптор : - Б әрпінен басталатын сөздерді табады. - Жоғалған әріптерді табады.<br/>Қ.Б. смайликтермен бағалау.</p> |           |
| Сабақтың соңы<br>(7-8)  | <p>арнайы тапсырма беріледі</p> <p>Тапсырма:Сөздер мен суреттерді байланыстыра отырып, дауыстап оқу.</p> <p>Дескриптор:<br/>- сурет пен сөзді дұрыс байланыстырады.<br/>- сөйлемдерді буындап оқиды және суреттер қойу арқылы сөйлемді толықтырады.</p>   |           |
| Рефлексия<br>(5 мин)    | бағдаршам арқылы  |           |